



Президент Қорғаныс министрі Дәурен Қосановты қабылдады

Президент–Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қ.Тоқаев қорғаныс ведомствосының 2025 жылы атқарған қызметі туралы есепті тыңдады.

Дәурен Қосанов Мемлекет басшысына армияның жауынгерлік әзірлігі және Қарулы күштерді дамытудың басымдықтары жөнінде мәлі-

мет беріп, цифрлық технологияларды енгізу, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстары, сондай-ақ қорғаныс инфрақұрылымын жетілдіру шаралары туралы баяндады.

Сондай-ақ Қорғаныс министрі Президенттің Қарулы күштер сапында тәртіп орнату жөніндегі тапсырмасының орындалу барысы жайында

ақпарат ұсынды.

Жоғарғы Бас қолбасшы министрге армияның жауынгерлік әзірлік деңгейін арттыру, әскери және құқықтық тәртіпті күшейту жөнінде нақты міндеттер жүктеді.

Айта кетейік, күні кеше Президент Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасын қабылдады.

Еліміздің барлық елді мекені 100% ауыз сумен қамтылды

Үкімет отырысында өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Қаженов Мемлекет басшысының халықты 2025 жылдың соңына дейін ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасының толық орындалғаны туралы баяндады.

Оның айтуынша тапсырманы орындау кезеңінде республикалық бюджеттен шамамен 835 млрд теңге бөлінген. Оның ішінде қайтарылған активтер есебінен Арнаулы мемлекеттік қордан 132 млрд теңге жұмсалған.

«Осы қаражатқа 34 қала мен 756 ауыл орталықтандырылған су жүйесімен қамтылды. Оған қосымша, жергілікті бюджет есебінен 699 ауылда көшенді блок-модульдер орнатылды. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2021 жылы ауыл халқының 90%-ы және қала халқының 97,5%-ы сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізген еді. Осылайша, Мемлекет басшысының тапсырмасы толық орындалып, еліміздегі 90 қала мен 7,5 млн тұрғыны бар 6087 ауыл ауыз сумен толық қамтамасыз етіліп отыр», деді вице-министр.

Сумен жабдықтау сапасында барлығы 9,5 мың шақырым магистральдық желі реконструкцияланып, үлкейтілген. Оның ішінде қалаларда–1,8 шақырым, ауылдарда–7,7 мың шақырым сумен жабдықтау жүйесі жаңғыртылған. Бұл жұмыстар желілердің тозу деңгейін – 38%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар сумен жабдықтауды және коммуналдық инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғасып жатыр. Осы бағытта 2026 жылға жалпы трансферттер аясында 128 млрд теңге бөлінді, оның ішінде сумен жабдықтауға–78 млрд теңге, су бұруға 50 млрд теңге бағытталған.

Қосымша жаңғырту жұмыстары Энергетика мен коммуналдық секторды жаңғыртуға арналған ұлттық жоба аясында несиелік қаражаттар есебінен жүргізілетін болады.

Былтыр ел өңірлеріндегі бірнеше елді мекенге таза ауыз су берілгенін хабарлағанбыз. Мәселен, өткен жылы шалғайдағы Ақбастыға су жетіп, Сыр өңірі ауыз су мәселесін толық шешті.

Сондай-ақ, Ұлытау облысындағы Кеңгір ауылы газға қосылып, таза ауыз сумен қамтылды.

Маңғыстауда да ауыз су тапшылығы жоқ екені хабарланды.

Жәрдемақы мөлшері артты

Биылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақылардың, базалық, ынтымақты зейнетақылардың барлық түрлерінің мөлшері артты. Ұлттық банк айқындайтын инфляцияның болжамды деңгейіне сәйкес 10%-ға ұлғайтылды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, 2023 жылдан бастап бес жыл ішінде ең төменгі базалық зейнетақыны ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ына дейін, ең жоғарғы зейнетақы мөлшерін 120%-ға дейін жыл сайын кезек-кезеңімен арттыру жүзеге асырылып жатыр.

Айталық, биылғы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері 35 596 теңгеге (ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ы), ең жоғарғы мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 110%-ынан 118%-ына дейін артып, 60 005 теңгеге жетті. 2019 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққан 70 жастағы зейнеткердің бюджеттен төленетін зейнетақысының мөлшері 2025 жылы 171 588 теңге болды, оның ішінде базалық зейнетақы төлемі – 50 851 теңге, ынтымақты зейнетақы – 120 737 теңге. 2026 жылғы 1 қаңтардан зейнетақының жалпы сомасы 192 816 теңгеге дейін ұлғаяды, оның ішінде базалық зейнетақы – 60 005, ынтымақты зейнетақы – 132 811 теңгеге жетеді. Бұл сомаларға БЖЗҚ төлемдері кірмейді.

1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақылардың да мөлшері артады. Мысалы 1, 2, 3 бала туғанда берілетін жәрдемақы бір реттік 149 416 теңгеден 164 350 теңгеге дейін, 4, одан да көп бала туғандарға беріліп келген 247 716 теңге сомасы 272 475 теңгеге дейін ұлғаяды. Көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы да 10 %-ға арты. Төрт баласы бар отбасыларға 63 030 теңгеден 69 330 теңгеге дейін, 10 баласы



барларға 157 280 теңгеден 173 000 теңгеге дейін көбейді. Сонымен қатар I топтағы мүгедектігі бар адамдарға арналған жәрдемақы 101 702 теңгеден 111 872 теңгеге дейін, II топтағыларға – 81 362 теңгеден 89 498 теңгеге дейін, III топтағыларға 55 474 теңгеден 61 021 теңгеге дейін ұлғаяды.

Асыраушысынан, еңбек ету қабілетінен айрылған жандарға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МӘСҚ) берілетін төлемдер де 10%-ға артты. Бұл төлемдер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға бюджеттен төленетін мемлекеттік жәрдемақыларға қоса беріледі. Төлем сомасы кейінгі 2 жылда МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық табысқа, еңбек ету қабілетінен айырылу коэффициенттеріне, асырауындағы адамдар санына, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне, табысты алмастыруға байланысты есептеледі.

Үкімет геологиялық барлауға 240 млрд теңге бөледі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел аумағын геологиялық зерделеуді қазіргі заманғы геологиялық барлау әдістерімен қамтуды ұлғайту жөніндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде Үкімет биыл жер қойнауын зерттеудің жаңа кезеңіне кіріседі.

Алдағы үш жылда жоғарыда аталған 20 жобаны жүзеге асыру үшін, сондай-ақ аз зерттелген шөгінді бассейндер аумағында сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізуге, қазіргі заманғы геологиялық инфрақұрылымды құруға 240 млрд теңге бағыттау жоспарланып отыр.

Жер қойнауы жаңа ережемен игеріледі

Жобаларға жерді қашықтықтан зондтау деректерін талдау, аэрогеофизикалық және геохимиялық зерттеулер, далалық жұмыстар кешені кіреді. Учаскелер тізбесін жасау кезінде қорлардың сарқылу факторлары, жер қойнауын пайдаланушылардың болмауы не ең аз саны және пайдалы қазбалардың басым түрлері бойынша перспективалылығы ескерілді.

Нәтижесінде мыс, алтын, қорғасын, мырыш, сирек жер элементтері, барит, боксит кен орындарын анықтау бойынша әлеуеті жоғары алаңдар анықталды. Бұдан бөлек, аз зерттелген мұнай-газ перспективалы Солтүстік Торғай, Шу-Сарысу және Сырдария бассейндерінде сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Жер қойнауын пайдаланушылар жаңа технологияларды қолдана бастады

Осы масштабта жер қойнауын геологиялық зерттеуге көшу Еуропалық Одақ, Канада, Австралия, Қытай елдерінің халықаралық тәжірибесіне сәйкес келіп, геологиялық болжамдардың дәлдігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Аймақтық картаға егжей-тегжейлі түсіру перспективалы аумақтарды анықтау, геологиялық және инвестициялық тәуекелдерді азайту және кейіннен геологиялық барлау мен пайдалы қазбаларды өндіруге жеке инвестицияларды тарту үшін базалық негіз болады.

«Созақ үні»-ақпарат.

ӨТКЕН ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫЛАНЫП, АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті. Жиын барысында 2025 жылы аудан көлемінде әр сала бойынша атқарылған жұмыстар қорытындыланып, 2026 жылға жоспарланған міндеттер жан-жақты сараланды.



Сонымен қатар, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне ерекше назар аударылды.

Аталған мәселелер бойынша аудан әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков баяндама жасап, негізгі көрсеткіштер мен алдағы кезеңге арналған жоспарлар туралы баяндады.

Сонымен бірге, аудандық жер қатынастары бөлімінің 2025 жылы атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері қаралды. Бұл жөнінде бөлім басшысы Фани Пәрдебекұлы хабарлама жасады.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Бұған қоса ауылдарды абаттандыру және тазалық жұмыстарын тұрақты жүргізу, тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды күшейту қажеттігін атап өтті.

Ауылдық елді мекендердегі саябақтарға су бұрқақтарын орнату, ауылдардың көркін арттыру және эстетикалық көлбетін жақсарту мәселелеріне баса мән беруді тапсырды.

«Қызмет алушылар күні» іс-шарасы өткізілді

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен «Сервистік және клиентке бағдарланған мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға бағыт-

ауданы мансап орталығы филиалының жауапты мамандары қатысты. Іс-шара аясында «Азаматтардың жекелеген сәтін алу әлеуметтік қолдау бойынша т.б.» тақырыбына орай азаматтарға кеңес беріліп, тұрғындардың көкейіндегі



талған қадамдық жоспарға» сәйкес, Созақ ауданында «Қызмет алушылар күні» іс-шарасы ұйымдастырылды.

Шараның негізгі мақсаты-тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру, қолжетімділігін қамтамасыз ету және халықпен тікелей кері байланыс орнату.

Аталған іс-шараға Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі және Созақ

сұрақтарына нақты әрі толыққанды жауаптар ұсынылды және мемлекеттік көрсетілетін қызмет алу тәртібі туралы ұнпақтар азаматтарға таратылды.

Мемлекеттік органдар тарапынан сервистік көзқарасты дамыту, ашықтық пен халыққа жақын болу принципін ұстану бағытында өткізілген бұл іс-шара тұрғындар тарапынан оң бағасын алды.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

Аудандағы бірқатар білім беру ұйымдарында «Жасыл мектеп» экологиялық бағдарламасы іске қосылуда. Бағдарлама ECO Network жобасы арқылы «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында жүзеге асырылуда. Аталған жобаға ауданның 5 жалпы білім беретін мектебі қатысады.

Жобаны іске асыруға «КАТКО» бірлескен кәсіпорны ЖШС демеушілік көрсетіп отыр. «Жасыл мектеп» бағдарламасының негізгі мақсаты-оқушылардың экологиялық білімін арттыру, экологиялық мәдениетті қа-



«Жасыл мектеп» экологиялық бағдарламасы іске қосылуда

лыптастыру және қоршаған ортаға жауапты көзқарасты дамыту.

Жоба аясында Асқар Сүлейменов, І.Кеңесбаев және Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектептерде экология, қалдықтарды бөлек жинау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және тұрақты даму қағидаттары бойынша ақпараттық таныстыру шаралары өткізілді.

Жоба аясында әр мектепте ECO Network компаниясының эко-тренерлерінің сүйемелдеуімен барлық модульдерді іске асыратын «Эко-рейнджерлер» клубтары құрылады.

Бағдарламаның бірінші жылының қорытындысы бойынша мектептерде, сондай-ақ оқушылардың бастамасымен олардың отбасыларында қалдықтарды бөлек жинаудың тұрақты тәжі-

рибесін қалыптастыру көзделіп отыр. Оқушылар жинаған сұрыпталған қалдықтардан түрлі бұйымдар дайындалып, қатысушыларға сыйлық ретінде табыстала-тын болады. Атап айтқанда, брелоктар мен телефонға арналған тұғырлар және шахмат тахтасы сынды заттар жасалады.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

Сайлау-халық еркіндігінің басты көрінісі

Сайлау – бұл азаматтардың мемлекет басқаруға тікелей қатысуының маңызды әрі заңды жолы. Ол арқылы халық өз өкілдерін таңдап, елдің саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуына ықпал етеді. Қазақстан Республикасында сайлау жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде және жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі. Әр-

бір сайлаушы өз таңдауын ешқандай қысымсыз, еркін түрде жасауға құқылы. Бұл-демократиялық қоғамның басты талаптарының бірі. Сайлау процесінің ашық әрі әділ өтуін сайлау комиссиялары қамтамасыз етеді. Комиссия мүшелері заң талаптарының сақталуын бақылап, дауыс беру мен дауыс санау кезеңдерінің дұрыс жүргізілуіне жауап

береді. Сайлауға қатысу-әр азаматтың құқығы ғана емес, ел болашағына деген жауапкершілігі. Белсенді азаматтық ұстаным қоғамның тұрақты дамуына және халық сеніміне негізделген биліктің қалыптасуына жол ашады.

**Созақ аудандық
аумақтық сайлау
комиссиясы.**

Әдістемелік сүйемелдеу-сапалы білімнің кепілі

2025–2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында бастау алған әдістемелік сүйемелдеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

2026 жылғы 12 қаңтар күні С.Бақбергенов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектепте мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға бағыт беру, жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында әдістемелік сүйемелдеу жұмыстары ұйымдастырылды.

Әдістемелік сүйемелдеу жұмыстары оқу-тәрбие процесін кешенді түрде қамтып, педагогтермен қатар тәрбие бағыты бойынша мамандардың да кәсіби қызметін жетілдіруге бағытталды.

Алдағы уақытта да педагогтермен тығыз байланыста жұмыс жасап, оқу мен тәрбиені біртұтас жүйе ретінде қарастыратын, сапалы білім мен нәтижелі оқытуға бағытталған әдістемелік қолдауды күшейтуді жалғастырады.



Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары жүргізілді

Созақ ауданында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Аталған жұмыстар барысында есепте тұрған отбасы тұрғылықты мекенжайы бойынша тексерілді. Профилактикалық жұмыстар Созақ АПБ ҚҚБ Әйелдерді зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі инспекторы, полиция майоры Айжан Манапова және Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы, полиция аға лейтенанты Жанерке Жұматова тарапынан бірлесіп жүргізілді. Тексеру кезінде отбасының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы зерделеніп, құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында түсіндіру әңгімелері өткізілді. Отбасы мүшелеріне қолданыстағы заңнама талаптары, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары және құқықтық жауапкершілік туралы мәліметтер берілді. Сонымен қатар, профилактикалық сипаттағы ескертулер жасалып, қажетті жағдайда тиісті мекемелерге жүгіну тәртібі түсіндірілді.

«Созақ үні» - ақпарат.

Денсаулық саласы да назардан тыс қалмады

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» тақырыбында «Түркістан» газетіне берген кең көлемдегі сұхбатын бастан аяқ оқып шықты. Президентіміз Жомарт Кемелұлы Тоқаев жыл сайын мерзімді баспасөзге ауқымды сұхбат беру арқылы белгілі бір саяси дәстүр қалыптастырып келеді. Бұл сұхбаттың өзектілігі де жыл сайын халыққа арнаған Жолдаудың көтерген жүгіне пара пар. Өйткені халықтың Мемлекет басшысынан күтетін жылы сөзі мен үкілі үміттері мол. Аталған сұхбатта Президент медицина саласына қатысты ауқымды тапсырмалар жүктеді. Бұл облыс орталығынан шалғай, табиғаты қатал алыс ауданда тұратын біздің аудан жұртшылығы үшін зор қолдау болатыны анық.



–Қазақстан–әлеуметтік мемлекет. Денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, ғылым және мәдениет саласына қатысты барлық міндеттеме толық орындалады. «Сырт көз – сыншы» деген сөз бар. Шетелдіктер, әсіресе, көрші мемлекеттердің тұрғындары біздің елдегі әлеуметтік қызметтің соншалықты дамығанына қызыға да, қызғана да қарайды. Соның ішінде кепілдік берілген тегін медициналық көмек және азаматтарға арналған көптеген жеңілдік бар...

Мысал ретінде, жекеменшік медицина саласында бұрын жекешелендірілген медицина мекемелері көбінесе күрделі құрал-жабдықтар сатып алмайды, тексеруден өту үшін науқастарды мемлекеттік емханаларға жібереді. Бірақ, ең бастысы, оларға шын мәнінде науқастардың санына қарай емес, «тіркелген» адамдардың санына қарай бюджеттен ақша бөлінеді және бұл «жан басына сәйкес қаржыландыру» деп аталады... Барлығы ашық болуға тиіс, осы саладағы үрдістің бәрін цифрландырып жөн. Жалпы, бұл– күрделі мәселе. Үкімет бұған назар аударуға тиіс. Бір сөзбен айтқанда, тиісті мекемелердің жөнсіз іс-әрекеттерінің кесірінен білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы жеке кәсіпкерлік ұғымы бұрмаланып кеткен. Ахуалды түзеу қажет. Бюджеттен қаржы бөлінбесе, әлеуметтік нысандардың қиын жағдайға тап болуы мүмкін екенін түсінеміз. Бірақ, жеке бизнесті түгелдей дерлік мемлекеттің мойнына артып қоюға болмайды.

Сонымен бірге, медицина туризмі тұрғысынан алғанда Астана мен басқа да қалаларымыздың танымалдығы арта түскені көңіл қуантады. Дәрігерге қаралып, сапалы ем-дом алу үшін көрші елдерден бөлек, тіпті, АҚШ-тың және Еуропаның кейбір мемлекеттерінің азаматтары Қазақстанға келіп жатыр.

Мемлекет мұғалімдерге және медицина саласының қызметкерлеріне өте жақсы қолдау көрсетті. Олардың жалақысы бірнеше есе өсіп, қоғамдағы мәртебесі де арта түсті. Бұл дер кезінде қабылданған орынды шешім болды, деді Мемлекет басшысы.

Жалпы сұхбатта Президентіміз медицина саласында да күрделі де өзекті тапсырмаларын берді. Біз-медицина қызметкерлері сол үдеден шығу жолында халыққа қалтқысыз, шынайы және сапалы, уақтылы қызмет көрсетуді жалғастыра беруміз қажет.

**Нұрлан Бердімұратов,
Аудандық орталық аурухананың
бас дәрігері.**

Қазақстан тарихында әр кезең өз таңбасын қалдырады. Ал бүгінгі уақыт–ел тағдырына бейжай қарамайтын, болашақ үшін батыл шешімдер қабылдауды талап ететін айрықша кезең. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Түркістан» газетіне берген кең көлемді сұхбаты–осы тарихи сәттің мәнін ашып, Қазақстанның жаңғыру жолындағы жаңа бағытын айқындап берген салмақты саяси-рухани құжат іспетті.

Бұл сұхбат–тек атқарылған істердің есебі емес, елдің ертеңіне деген жауапкершілікпен айтылған терең ой, сарабал пайым, парасатты бағдар деп



да кеңінен қозғалады. Қазақстан үшін шикізатқа тәуелділіктен арылып, өңдеу өнеркәсібі мен инновацияға негізделген экономика құру–стратегиялық міндет. Бұл жолда жасанды интеллект, цифрландыру, жаңа технологиялар шешуші рөл атқарады. Дегенмен Президент технологияны мақсат емес, құрал ретінде қарастыру керектігін ескертеді. Технология қоғамға қызмет еткенде ғана оның шынайы пайдасы көрінетіні анық.

Сонымен қатар Мемле-

Уақыт үнімен үндескен сұхбат

толық сеніммен айта аламыз.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан талай сындарлы кезеңнен өтті. Уақыттың өзі елге жаңа талап қойып, қоғамды өзгерістерге жетеледі. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Түркістан газетіне берген кең көлемді сұхбаты–осы тарихи сәттегі ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын, терең ой мен нақты ұстанымға құрылған маңызды саяси құжат деуге болады. Бұл сұхбатта Президент Қазақстанның жаңғыру жолындағы жаңа кезеңге аяқ басқанын айқын әрі дәйекті түрде көрсете білді.

Мемлекет пен қоғам арасындағы жаңа сенімге келетін болсақ. Президент сұхбат барысында мемлекет пен халық арасындағы сенім мәселесіне ерекше мән береді. Қоғамда әділдік салтанат құрмайынша, ешбір реформа баянды болмайтынын ашық айтады. Осы тұрғыдан алғанда, Әділетті Қазақстан идеясы–жаңа саяси мәдениеттің іргетасы болмақ.

Билік халықтан алшақ болмауы тиіс. Мемлекет басшысы мемлекеттік аппараттың қызметі азаматтардың нақты сұранысына жауап беруі қажет екенін атап өтеді. Бұл–жауапкершілікке негізделген басқару жүйесіне көшу деген сөз. Халық үніне құлақ асатын мемлекет қағида–бүгінгі Қазақстанның басты ұстанымына айналып келеді.

Саяси жаңғыру өзіміз білетіндей тұрақтылықтың кепілі бола алады. Өйткені сұхбатта жүргізіліп жатқан саяси реформалардың мәні кеңінен тарқатылып айтылған болатын. Президенттің пайымынша, елді басқарудың ескі тәсілдері заман талабына жауап бере алмайды. Сондықтан саяси жүйені жаңарту – уақыт талабына сай әректе етуі болмақ.

Парламенттің ықпалын күшейту, мәслихаттардың рөлін арттыру, сайлау жүйесін жетілдіру–мұның барлығы азаматтардың ел тағдырына тікелей қатысуына жол ашатын бірден–бір фактор болмақ. Бұл өзгерістер қоғамды демократиялық жолмен дамытуға, саяси мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

Біздің елдің экономикасы тәуелсіздіктің ең басты тірегі деп айта аламыз. Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық мәселелерге тоқтала отырып, елдің ұзақ мерзімді дамуы тек шикізатқа сүйенбеуі керек екенін баяндап, аражігін ажыратып нақты дәйектермен сараптама жүргізді. Экономиканы әртараптандыру, өндірісті дамыту, инновация мен технологияға негізделген жаңа модель қалыптастыру–Қазақстанның болашағы

үшін шешуші бағыт екенін ел басшысы нақтылай түсті.

Ел басшысы шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы орнына ерекше мән береді. Кәсіпкерлікті қолдау–жұмыс орындарын ашу ғана емес, қоғамда белсенді, жауапты орта қалыптастыру деген сөз. Экономикалық өсімнің түпкі мақсаты–халықтың әл-ауқатын арттыру екені сұхбатта басымдық беріліп айқын көрсетілді.

Мемлекет басшысы үшін әлеуметтік саясат–екінші кезектегі мәселе емес, керісінше мемлекеттің басты міндеті. Білім беру мен денсаулық сақтау салаларын дамыту, мұғалімдер мен дәрігерлердің мәртебесін көтеру, әлеуметтік әлсіз топтарға нақты қолдау көрсету–әділетті қоғам құрудың басты шарттарының бірі болмақ.

Президенттің ойынша, мемлекеттің басты байлығы–адам. Сондықтан адам капиталына салынған инвестиция–ең сенімді инвестиция болмақ. Жастарға сапалы білім беріп, олардың қабілетін ашуға жағдай жасау–елдің ертеңіне жасалған қамқорлық. Осы орайда әлеуметтік әділет–ел тұрақтылығының негізі деп нық сеніммен айта аламыз.

Президенттің «Түркістан» газетіне берген сұхбаты–бүгінгі Қазақстанның даму бағытын айқындайтын салмақты ойлар мен нақты ұстанымдарға толы мазмұнды әңгіме. Мемлекет басшысы ең алдымен ел дамуының өзегінде адам капиталы, білім мен еңбекке негізделген әділетті қоғам тұруы керектігін атап өтті.

Сұхбатта туризм, жасанды интеллект, цифрландыру және энергетика салалары да ел болашағына әрмен қарай қарыштап дамуға бағыттайтын елі үшін, болашағы үшін, стратегиялық маңызға ие бағыттарды рет-ретімен көрсете білді. Қазақстанның табиғи, тарихи және мәдени әлеуетін тиімді пайдалану арқылы туризмді экономиканың маңызды тірегіне айналдыру қажеттігі айтылды. Бұл салада тек инфрақұрылым емес, сапалы қызмет пен кәсіби маман шешуші рөл атқаратыны ерекше атап өтілетінін байқай аламыз.

Мемлекет басшысы ең алдымен әділеттілік пен заң үстемдігі мәселесіне баса назар аударады. Заң бәріне ортақ болғанда ғана қоғамда сенім қалыптасады. Сенім бар жерде тұрақтылық, ал тұрақтылық бар жерде даму болады. Президент атап өткендей, мемлекеттің міндеті–азаматтарға жағдай жасау, ал әр азаматтың міндеті–заңды сақтау, адал еңбек ету және ел тағдырына бейжай қарамау.

Сұхбатта экономикалық даму

кет басшысы кәсіпкерліктің маңызын ерекше атап өтеді. Кәсіпкер–тек табыс табушы емес, ол – жұмыс орындарын ашатын, экономиканы алға жылжитатын, қоғамның тірегі. Сондықтан адал еңбек етіп, заң аясында жұмыс істейтін кәсіпкерлерді қолдау–мемлекеттің басты мақсаты. Бұл– елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен орта таптың қалыптасуына тікелей әсер ететін фактор болмақ.

Президент сұхбатындағы ең өзекті ойлардың бірі–азаматтық жауапкершілік. Қоғамның дамуы тек билікке ғана байланысты емес. Әр адам өз ісіне жауап беріп, тәртіп пен тазалықты, бірлік пен өзара құрметті өмір салтына айналдырғанда ғана ел ілгері басады. «Таза Қазақстан» идеясы–тек экологиялық бастама емес, ол–сана тазалығының, ішкі мәдениеттің көрінісі іспетті.

Қорытындылай келе, Президенттің сұхбаты–жай ғана пікір алмасу емес, бұл–ел болашағына арналған бағдар. Онда айтылған ойлар әрбір азаматты ойлануға, өз орнын сезінуге, мемлекет пен қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінуге шақырады. Қазақстанның жаңа кезеңдегі табысы–бірлікке, адал еңбекке және саналы таңдауға негізделмек.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркістан газетіне берген сұхбаты–Қазақстанның жаңа кезеңге қадам басқанын айқын көрсетеді. Бұл кезең–жеңіл жол емес, бірақ әділдікке, бірлікке және еңбекке негізделген даму жолы.

Президент ұсынған күшті мемлекет–белсенді қоғам–жауапты азамат қағидаты елдің болашағын айқындайтын басты формулаға айналып отыр. Бұл формула жүзеге асқанда ғана Қазақстан өркениетті, дамыған, халқының тұрмысы жоғары елге айналады. Әрине мұндай елді жауапты мемлекет, саналы ұрпақ, еңбекқор ұлт бола алатыны анық.

Бүгінгі Қазақстан–өзгеріс үстіндегі мемлекет. Ал бұл өзгерістердің табысты болуы әр азаматтың жауапкершілігіне тікелей байланысты. Мемлекет басшысының сұхбаты – қоғамды ойлануға, ел тағдырына бейжай қарамауға шақыратын маңызды үндеу.

Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне нық қадам басты. Бұл жол – сенім мен сабырды, парасат пен бірлікті талап ететін жол. Ең бастысы, бұл–болашаққа бастайтын даңғыл жол болмақ...

**Еркебұлан Дайрабай,
Созақ аудандық орталық
кітапханасының
библиографы.**

Алаш әдеби сыйлығының иегері Сүлеймен Тәбризұлының туғанына 90 жыл

Ұлт тарихына Ғұмырын арнап өткен Ғалым

Өмір бар жерде өлім бар. Бірақ артында өшпес із, өлмес мұра қалдырған азаматтар ешқашан халық жадынан өшпейді. Сондай тұлғалардың бірі—ғалым, тарихшы, ұстаз, шежіреші Сүлеймен Тәбризұлы еді.

2024 жылдың 12 желтоқсанында 89 жасқа қараған шағында Созақтың қасиетті топырағында дүниеге келген асыл азамат фәни дүниеге қоштасты. Бұл — бір әулеттің ғана емес, Созақ өңірінің, тұтас қазақ тарихына жанашыр болған ел азаматтарының ортақ қайғысы.

Сүлеймен Тәбризұлы 1936 жылы Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылында дүниеге келді. Руы— Қожа. Бұл тектілік оның бүкіл болмысы мен өмірлік бағытына айрықша жауапкершілік жүктегендей еді. Ол сол аманатқа адал болды.

Жастайынан баспасөз беттерінде мақалалар жариялап, ел тарихының көмескі тұстарын зерттеуге ден қойды. Оның әрбір жазған дүниесі құрғақ дерек емес, ұлт жадына қызмет еткен рухани еңбек болатын. Тарихқа тағдырын байлаған ғұмыр деп айтумызға болады.

1973-82 жылдары Құмкент совхозы партия комитетінің хатшысы. 1983-1993 жылдары Созақтағы Ленин орта мектебінде жұмыс істеп, 1993 жылы зейнеткерлікке шықты.


1995-1997 жылдары А.Яссауи атындағы ХКТУ-дың «Ата мұра» бөлімінде ғылыми қызметкер, 1997 жылы Созақтағы Қарабура әулие кесе- несінің басқарушысы болып қызмет жасады.

Сүлеймен Тәбризұлының туындыларына келетін болсақ. Түркістан қаласындағы Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінде ұзақ жылдар ұстаздық ете жүріп 20-ға жуық мешіт пен 14 медресе, болыстарға тілмаш даярлайтын бір орыс түзем мектебі болған. Медреселерде Абдалі, Бөбекжан, Мұсалы, Өтеп сынды терең білімді дамылалар дәріс берген екен. Кітапта сондай-ақ Қарабура әулие, Шайһы-Ахмет ишан және олардың ұрпақтары туралы көп мәліметтер көптеп кездеседі.

1930 жылы Созақ көтерілісі әлі күнге дейін толық зерттеліп, бір жүйеге түспей келе жатыр еді. Тәбризұлы Созақ көтерілісі жайлы архив деректерімен салыстыра отырып, көтеріліске қатысқан немесе қатысқанды көріп-білген пікірлеске және көтеріліс жетекшілерінің туған-туысқандары айтқандары негізінде мол мәліметтер жинақтаған.

Теріскей түгелденіп, мұндағы жер, су, түзде жорытқан аң мен құс аттары, жолдар мен асулар, ашық аспан астында маужыраған мазараттар түгел қамтылып, олар жайлы аңыз-әңгімелерге де орын тиген. Шолаққорған, Жартытөбе, Құмкент шаһары Созақты тұрақты жайлаған өзбектер, Қоңыраттар, Уақтар мен кіші жүз тамалар жайлы қысқа да нұсқа деректерден көп мағлұматтар кездестіруімізге болады. Осы рулардан шыққан Сеңгірбек, Ерубай, Ерден, Шілменбет билер, Абақ, Рамат, Барақ батырлар жайлы құнды деректер, әсіресе ел аузында әртүрлі айтылатын Уанас, Ақсүмбе-Ақбикеш, Өлке туралы аңыз-әңгімелер ел аузында жиі айтылады.

«Созақ өңірі» кітабы араға 5 жыл салып, толықтырылып шығыпты. Кітаптың бұрынғысына 2 бөлім



қосылған. Осының 2-ші бөлімі «Күй дастан» тақырыбымен басталып, Ықылас Дүкенұлы, Сүгір Әліұлы, кешегі Төлеген Момбеков, күйші Жүзбаевтар әулеті жайлы тебірене жазылған. Бұл тараулар әрине тың

едім» деп ешкімге тіс жармайды. 1996 жылы «Қарабура әулие», 1998 жылы «Қарабура әулие қыздары», «Шәмші шыңы» және «Созақ өңірі» атты туындының 2 кітабы шыққанда ғана біліп, танылды. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін, тарихшылар сөз алды. Сонда әре-сәре болған жұрттың назары бірден ауған бір мақала болды. Ол 1995 жылы 19 қазанында «Ана тілі» газетіндегі Тәбризұлының «Қазақ хандығының алғашқы астанасы» деген мақала еді. Одан кейін осы газетке «Кенесары ұрпақтары» шықты. Республиканың бас газеті «Егемен Қазақстан» «Салықбай мергенді» жариялады. 1995- 1997 жылдар аралығында «Оңтүстік Қазақстан» газеті тарихшының зерттеулерін кезек күттірмей жариялап келеді. Тағы бір ерекше тоқтала кететін нәрсе, 1997 жылы 20 наурызда «Ана тілі» газеті жариялаған «Зеңгі баба кім болған?» деген мақаласы еді.

2007 жылы 29 қыркүйегінде «Оңтүстік Қазақстан» газеті Тәбриздің «Керей мен Жәнібек Шу мен Мойынқұмның қай тұсына тоқтаған?» деген мақаласын жариялады. 1997 жылы осы газет жариялаған «Ақназар» атты зерттеу мақаласы шықты.

Сүлеймен Тәбризұлы ұзақ жылдар Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінде ұстаздық етті. Ол үшін ұстаздық-жай мамандық емес, ұрпақ санасына тарихқа деген құрметті сіңіру жолы еді.

Созақ аудандық партия комитетінде түрлі қызметтер атқара жүріп те, тарихи зерттеулерді бір сәт тоқтатпады. Қай қызметте жүрсе де, басты мақсаты—ел өткенін түгендеу, ұлт жадын жаңғырту болды. Ұстаздық пен ғылымды қатар ұстаған азамат десек артық айтпағандық болар еді.

Сүлеймен Тәбризұлының есімі ең алдымен Созақ тарихымен бірге аталады. Оның «Созақ өңірі» атты еңбегі екі мәрте баспадан шығып, өңір тарихын жүйелеген құнды кітапқа айналды.

«Қарабура әулие» атты тарихи-зерттеу еңбегі қазақтың діни-рухани тарихындағы аса маңызды тұлғаның өмірін тың деректермен толықтырды деп айтумызға болады. Ғалымның ел үшін ерен еңбектерінің бірі—Бетпақдала төсіндегі «Таңбалы тас» туралы зерттеулері. Қазақ руларына таңба үлестіріліп, таңбалардың тас бетіне қашалып түскені жайлы аңызды нақты дерекпен дәлелдеп, Таңбалы тасты тауып, оны мемлекет қорғауына алу жөнінде бастама көтеруі—ұлт алдындағы үлкен қызмет. Созақ пен таңбалы тастың шежіресі осы болар бәлкім.

Сүлеймен Тәбризұлы Хақназар хан, Жәнібек пен Керей хандарға қатысты бұрын көпшілікке белгісіз дерек көздерін тауып, ғылыми айналымға қосты. Бұл еңбектері арқылы қазақ мемлекетінің тарихын тереңдетіп түсіп, жаңа көзқарас қалыптастырды.

Соңғы жылдары Шәмші Қалдаяқов пен Жұмекен Нәжімеденов туралы кітап жазумен айналысып, қазақ руханиятының алтын арқауын зерттеуге ден қойды. Бұл жайт әрине хандар тарихы және ұлттық сана деп айтумызға болады.

Сүлеймен Тәбризұлының ғылыми еңбектеріне Өзбекәлі Жәнібеков, Қойшығара Салғарин, Әбіш Кекілбаев сынды ұлт зиялыларының жоғары баға беруі—оның еңбегінің құндылығын айқын көрсетеді.

Ол Қазақстан Ұйғырлары тарихи-мәдени қауымдастығының Құрметті мүшесі болды. Сонымен қатар Әріп (Мұхамедғарып) Тәңірбергенұлының ақындық мұрасын зерттеп, әдебиеттану саласына да сүбелі үлес қоса білді. Әрине үлкен ғалымға берілген ұлттық мұра осы болмақ.

Ғалым өмірінің соңғы жылдарын өзі туып-өскен Созақ ауылында өткізді. Бұл—туған топырақты қадірлеген, елден ажырамаған азаматтың таңдауы еді. Сол жерде отырып та ол қаламын қолынан түсірмей, тарихқа қызмет етуді жалғастырды. Әрине бұл туған жерге деген үлкен қимастық сезімі болар.

Сүлеймен Тәбризұлы өмірден өтті. Бірақ оның еңбектері, кітаптары, шәкірттері, сөйлеткен тастары мен тірілген тарихы — ұлтпен бірге жасай бермек.

Алла Тағала марқұмның иманын саламат қылып, жатқан жерін жарық, мекенін жәннат етсін. Артында қалған ұрпағына, туған-туысына, ел-жұртына сабыр берсін.

Сүлеймен Тәбризұлы еліне елеулі, халқына қалаулы, Созақ өңірінің ғана емес, бүкіл Түркі тектес елдердің асыл азаматы еді. Ашылмай жатқан тарих қойнауын қолынан келгенше зерттеп келешек ұрпаққа мұра етіп қалдырды деп нық сеніммен айтумызға болады. Әрине тарихшы бірінші кезекте зерттеуін өз туып-өскен шақары Созақ мекенінен, «Созақ шаһары» атты тақырыбынан бастағанын байқай аламыз. Бұл әрине Созақ елінің қандай киелі, тылсым дүниелер мен киелі жерлердің өте көп екенінің айқын дәлелі. Сүлеймен Тәбризұлы қай жағынан қарайтын болсақта ашылмай жатқан ата-баба өсиетін, қазақ халқына мол мұра етіп қалдыра білді. Сол мұраны көзінің қарашығындай сақтау әрине жас ұрпақтың қолында болмақ. Ұлт тарихына ғұмырын арнаған ғалымның есімі ел жадында мәңгі сақталары анық.

Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,
Созақ аудандық орталық
кітапханасының библиографы.

Сүлеймен аға рухына!

*Кешегі зұлмат, өткен шақ,
Созақ үшін алас күн.
Сол жылды тізіп тарихқа,
Көзін ашқан алаш ұл.*

*Тәбриздің баласы,
Сырлы Созақ данасы.
Құрметтеумен өтті шын,
Артындағы алашы.*

*Таңбалы тасқа сан барды,
Тау тасты кезіп сандалды.
Тіріліп тарих, тік тұрды,
Орындалды арманы.*

*Елемеді сыздарды,
Ескермеді ызғарды,
Еңбектері еш болмай,
Қаншама құнды із қалды.*

*Тектінің тиек тұқымы,
Асылдардың тұқылы.
Тарихтан орын алуға,
Тарихшы аға құқылы.*

*Ұстаздық ұлық жолында,
Қаламы найза қолында.
Бүгін де тірі жүргендей,
Ұрпағы бар да орнында.*

*Қаламмен жазған кесімін,
Әлдилер дала бесігін.
Созағы мәңгі тұрғанда,
Ұмытпас ешкім есімін!*

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

деректер жайлы тіл қататыны анық. Тәбризұлы шаршамайтын ізденімпаз, талмайтын еңбекқор кісі болған деседі. Еңбек ете жүріп, қаламын тастамай, әрі «мен осындай

Рухани тұрақтылық—адамның ішкі дүниесінің тыныштығы мен қоғамдағы үйлесімділіктің негізі. Егер қоғам мүшелері өз діні мен дәстүрін дұрыс түсініп, адамгершілік пен сыйластық қағидаларын ұстанса, ел ішінде татулық пен тұрақтылық орнайды. Керісінше, рухани негізден айырылған қоғамда моральдық құндылықтар әлсіреп, қылмыс, қатыгездік және бөлінушілік орын алуы мүмкін. Сондықтан рухани тәрбие тек отбасы мен

алса, ұлттың бірлігі де нығая түседі. Бұл ретте дәстүрлі дін өкілдерінің ағартушылық рөлі ерекше маңызға ие. Имамдар, ұстаздар мен қоғамдық ұйымдар біріге отырып, халықтың санасын жат идеологиялардан қорғауға атсалысуы қажет. Рухани тұрақты қоғам — ішкі тұтастығы мықты, болашағы жарқын қоғам.

Олар — жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыратын негізгі тұлғалар. Әсіресе, қазіргі ақпа-

құндылық. Әр азаматтың бойында имандылық пен адамгершілік қасиеттері орнықса, қоғамда өзара сенім мен сыйластық артады. Бұл өз кезегінде әлеуметтік тұрақтылық пен ынтымақты күшейтеді. Мемлекет те осы бағытта жүйелі түрде жұмыс жүргізіп, ақпараттық қауіпсіздік пен идеологиялық тұтастықты сақтауға ерекше мән беруі тиіс. Тек рухани іргесі берік ел ғана кез келген қиындыққа төтеп беріп, жарқын бо-

Дін мен дәстүр сабақтастығы қазақ дүниетанымы

Халықтың діни бірегейлігі туралы сөз болғанда дін мен дәстүрдің қоғамдағы алатын орны жоғары, әр халықтың ұлттық құндылықтары дұрыс қалыптасуы үшін атқарар қызметі зор. Дін — адамның ізгі қасиеттерін асқақтатып танытатын болса, дәстүр ұлттың ұлт болып қалыптасуы үшін қажет. Адамның белгілі бір ұлтқа, халыққа тән екендігін айқын сезіну үшін бес түрлі шартқа толық жауап беруі тиіс. Біріншіден, сол ұлттың тілін жақсы білуі керек. Екіншіден, сол ұлттың дінін терең меңгергені жөн. Үшіншіден, сол ұлттың дәстүрін толық бойына сіңіруі тиіс. Төртіншіден, сол ұлттың тарихын бес саусағындай білгені абзал. Бесіншіден, сол ұлт мекендеген жердің ой-шұңқырын жақсы білуі парыз. Осындай бес шарттағаны бойына дарытқан адам ғана сол ұлттың толыққанды өкілі деп айтуға құқылы. Осы бір ұлт болып қалыптасу үшін берілген анықтамаларға көз салып ой жиегінен өткізер болсақ, барлық шарттардан адамдардың тілі, тарихы, діні мен дәстүрі сабақтастықтары тереңде жатқанын аңғарып түсінеміз. Бірақ, осы бес қасиет бірдей табылатын адам табу өзекті мәселе. Біз бұл бес қасиетті де бойымыздан табу үшін әлі де біраз еңбектенуіміз керек. Адам өзін-өзі танымай тұрып, басқа біреуді танымын деуі бос әурешілікпен үстіртін өмір сүру болып табылады. Алдымен өзіңнің ұлтыңды танып алмасаң, басқа ұлттың кім екенін еш уақытта тани алмайсың. Адамдар өздерін тани отырып, ой-саналарын да қоғамға сай ұғымдармен өзгертіп, жетілдіріп, дамытып отыруы қажет.

Дін мен дәстүрдің сабақтастығы қазақ дүниетанымында ерекше орын алады. Қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымында дін мен халықтық дәстүрлер тығыз байланыста. Ислам дінінің қабылдануы қазақ қоғамының рухани өмірін, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын терең өзгертті, бірақ халықтық дәстүрлер мен наным-сенімдер де сақталып қалды.

Мысалы, қазақтардың ұлттық мерекелері, тұрмыс-салт жоралғылары дінмен үйлесім тапқан. Наурыз мейрамы, Құрбан айт, Ораза айт сияқты діни мерекелер қазақ халқының мәдениетінде маңызды рөл атқарады. Діни рәсімдер мен дәстүрлердің бірлігі қазақтың ұлттық сәйкестігін қалыптастыруда маңызды фактор болып табылады.

Сондай-ақ, қазақтың дүниетанымында табиғатқа, ата-бабаларға, туыстық байланыстарға деген құрмет ерекше. Дін осы құндылықтарды нығайтады, адамдарды біріктіреді. Қазақтар үшін дін — рухани өмірдің негізі, ал дәстүр — сол өмірді қалыптастырушы фактор.

Жалпы, дін мен дәстүрдің сабақтастығы қазақ халқының өмірінде, мәдениетінде, дүниетанымында терең тамыр жайған, олар бір-бірін толықтырып, байыта отырып, халықтың рухани әлемін қалыптастырады.

1.«Діни нанымдар мен дәстүрлердің бірігуі»: Қазақ халқының мәдениетінде ислам дінімен бірге келген жаңа рәсімдер мен салттар халықтың дәстүрлі наным-сенімдерімен тоғысып, жаңа дәстүрлерді қалыптастырды. Мысалы, исламдағы зекет беру, садақа беру сияқты рәсімдер қазақтардың қонақжайлылық, көмек көрсету дәстүрлерімен үйлесім тапты.

2.«Табиғатқа деген көзқарас»: Қазақтардың дүниетанымында табиғатпен үйлесімді өмір сүру, жан-жануарларға, жерге, судың қасиетіне деген құрмет ерекше маңызды. Ислам діні табиғатқа құрметпен қарауды насихаттайды, бұл қазақтардың дүниетанымымен сәйкес келеді.

3.«Рухани құндылықтар»: Қазақ мәдениетінде ата-баба рухына, туыстық байланыстың беріктігіне, үлкендерге құрмет көрсетуге ерекше мән беріледі. Дін осы құндылықтарды нығайтады, адамдарды рухани жағынан біріктіреді.

4.«Мерекелер мен жоралғылар»: Наурыз, Құрбан айт, Ораза айт сияқты мейрамдарда халықтың дәстүрлері мен діни рәсімдері қатар жүреді. Мысалы, Наурыз мейрамында адамдар бір-біріне құттықтау, дастарқан жаю, қонаққа шақыру сияқты дәстүрлерді орындайды, бұл рәсімдер дінмен үйлеседі.

5.«Салт-дәстүрлердің жаңаруы»: Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан кейін дін мен дәстүрлердің сабақтастығы қайта жаңғырды. Халықтың рухани өмірінде исламның рөлі артып, дәстүрлі мәдениетке қызығушылық қайта ояныды.

Осылайша, дін мен дәстүрдің сабақтастығы қазақ дүниетанымында терең әрі көпқабатты мәдениет қалыптастырады, бұл халықтың рухани және әлеуметтік өміріне әсер етеді.

Б.Абдрахман,
Түркістан облысы дін істер басқармасы
«Дін мәселелерін зерттеу орталығы»
КММ-нің теолог маманы.

Рухани тұрақтылық-қоғамдық қауіпсіздіктің кепілі

мектептің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі болуы тиіс. Жастардың бойына ұлттық сана мен имандылықты сіңіру — болашақ қауіпсіздіктің кепілі. Мемлекет пен дін өкілдері, білім және мәдениет саласының мамандары бірлесе әрекет еткенде ғана бұл бағытта нәтижелі жұмыс жүргізіледі. Қоғамдағы әрбір адамның рухани сауаты жоғары болса, ұлттың тұтастығы мен тыныштығы да берік болмақ.

Сондықтан рухани тұрақтылықты қалыптастыру—ұлттық қауіпсіздіктің маңызды стратегиялық бағыты. Бұл мақсатта отбасында тәрбие беру, мектеп пен жоғары оқу орындарында адамгершілікке баулу, діни сауаттылықты арттыру жұмыстары кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жастарға оң бағыт көрсететін, рухани құндылықтарды насихаттайтын мазмұндар артуы қажет. Қоғамда өзара түсіністік, толеранттылық, діни және этностық келісім кең өріс

раттық заманда балалар мен жастар әртүрлі көзқарастар мен пікірлердің ықпалында қалып, адасуы мүмкін. Сондықтан ата-аналар баласының кіммен араласатынына, қандай ақпарат тұтынатынына мән беруі керек. Ұстаздар тек білім беріп қана қоймай, оқушылардың бойына ұлттық тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды сіңіруге күш салуы тиіс. Ал имамдар мешіттерде дәстүрлі дінді насихаттап, діни сауаттылықты арттыру арқылы қоғамға рухани тірек бола алады. Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар да осы бағытта бірлесе әрекет еткенде ғана нақты нәтиже көрінеді. Бұл —ұрпақты жат идеологиядан қорғап, рухани тұрақтылықты нығайтудың тиімді жолы. Ұлттың болашағы — рухани мықты, саналы ұрпақтың қолында.

Рухани тұрақтылық — ұлттың іргесін нығайтатын тірек. Ол — отбасындағы тәрбиеден басталып, мектептегі біліммен, қоғамдық сана мен мемлекеттік саясатпен жалғасатын кешенді

лашаққа нық қадам жасай алады.

Имандылық пен адамгершілік қағидаттарын насихаттау, дәстүрлі дін мен ұлттық құндылықтарды ұштастыра білу — жастардың бойында рухани иммунитет қалыптастырудың тиімді жолы. Ал мұндай иммунитет — қоғамды сыртқы қауіптер мен ішкі бүліктерден қорғайтын ең сенімді қалқан.

Қорытындылай келе, рухани тұрақтылықты нығайту — тек дін саласындағы немесе тәрбие жұмысындағы міндет қана емес, бұл—елдің ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі. Сондықтан әрбір азамат осы бағыттағы ортақ жауапкершілікті сезініп, қоғамның бейбіт өмір сүруіне үлес қосуы қажет.

Д.Арынбек,
Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің маманы.

Ұстазды құрмет түту ұлылық

Ұстаз—шәкіртін өмірге баулушы, оған өмірлік азық боларлық пайдалы білім мен жанына ізгіліктің нәрін егуші, жақсы мен жаманды, обал мен сауапты үйретіп, адамгершілік қасиеттерді сіңіруші, өзінің тәжірибесімен бөлісетін жанашыры әрі ақылшысы.

Қазақ халқы: «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы», «Атпаз көрген-ат таныр, ұстаз көрген-хат таныр», «Ұстазыңды әкеңдей сыйла»,—деп ұстаз адамды құрметтеп, сыйлауға шақырған.

Абай хәкім: «Адамның адамшылығы-ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады»,—деп айтқанындай, адам бойында адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына, оны тәрбиелеген ұстазының маңызы өте үлкен. Айталық, Абылай хан-Төле биді, Шәкәрім-Абайды, Жамбыл-Сүлеймен-Абайды, өзін ақылшы әрі ұстаз таңған. Олар өздерінің өмірде бағындырған әр асуларына ұстаздарының сіңірген еңбегі көп екенін жақсы түсінген.

Сол себепті де әр адам өзіне тәлім үйреткен ұстаздары алдында өзін қарыз сезініп, оларды сыйлап, құрметтеуі тиіс.

Имам Мәлік бір күні Һарун Рашидке барады. Сонда халифа оған: «Уа, Абдулланың әкесі! Сен «Муатта» кітабыңнан менің балаларыма келіп сабақ беріп тұруыңды қалаймын»—дейді. Сонда Имам Мәлік халифаға: «Уа, мүминдердің әміршісі! Алла Тағала сізге ұлы мәртебе берсін! Асылында білімнің қадірі

сіздерден басталады. Егер сіздер білімді құрметтесеңіздер, білім құрметті болады. Ал, білімді қорласаңыздар білім қадірсіз нәрсеге айналады. Сол себепті білім—барып берілмейді, білім—келіп алынады»,—деп, халифаның баласы өз аяғымен келіп, білім үйренгені жөн екендігін өсиет етеді. Бұны естіген халифа Һарун Рашид: «Сөзіңіз өте орынды»,—деп, балаларына өзге балалардай мешітке барып, сабаққа көпшілікпен бірге қатысуларын бұйырады. Тіпті халифаның өзі де балалары мен бірге Имам Мәликтің дәрісіне қатысып тұратын болған.

Ұстазбен сөйлесу барысында шәкірттің сөзінен ерекше ілтипат сезілуі тиіс. «Ұстаз алдында тілің тый, ұста алдында қолың тый» демекші, ұстаз тұрғанда оның алдына шығып сөйлемей, ол сөйлеп жатқанда сөзін бөлмей, ұстаз сөзін аяқтағанда ғана сөйлеу сияқты әр адам білуі маңызды.

Мысалы, ұстазға қойылатын сұрақ нақты әрі түсінікті болуы керек. Себебі, қысқартып айтуға болатын сұрақты ұзақ оқиғамен ербітіп әкеліп сұрау—сұрақ әдебіне қайшы келеді. Бір жағынан бұл жауап беруші ұстаздың да уақытын алуы мүмкін. Әрине, егер қысқа қою түсініксіз болып, оны кеңінен баяндау қажетті болған жағдайдың мәнісі басқа.

Сол сияқты сұрақ қоюшы ұстазға қояр алдын сұрағының орынды не орынсыз екендігі турасында ойланып, ой елегінен өткізіп барып, сұрағаны дұрыс

болады.

Сонымен қатар, Абай Құнанбайұлы: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға»,—деп айтқанындай, ұстаздық ету—үлкен қайрат пен жігерді, ұстамдылық пен сабырлықты қажет ететін мамандық. Хазреті Әли (р.а.): «Кім маған бір әріп үйретсе, соның құлы болуға бармын», — деп, бір әріп болсын үйреткен адамға алғыс білдіруі тиіс екендігін айтқан. Сол себепті де әр адам білім үйретіп, ісімен үлгі болып жүрген ұстаздарды құрметтеп, сыйлай білуі тиіс.

Қорытындылай келе құрметті оқырман қауымы! Балаңыз мектеп табалдырығын аттады дегеннен. Балаңызға бірінші кезекте ұстазын құрметтеуді үйретіңіз. Себебі, тәрбиесіз білім алғысқа шаппайды. Абайдың қара сөзіндегі қайрат, ақыл және жүрек үшеуі өз артықшылығын айта жарысып, ақыры төрелігін білімнен сұрағанда «Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай Тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы...» деп білім діндарлық пен тәрбиені таңдағанын естеріңізде болғай.

Д. Аманов,
Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Мақтаарал ауданындағы дінтанушы маманы.

«Бауыржан онсыз да Халық қаһарманы....»

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен марқұм Бауыржан Момышұлына «Халық қаһарманы» атағы беріліп, жоғары мәртебелі атақ батыр атамыздың мұрагері саналатын отбасына табыс етілді.

«Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл тоқты. Даңқты қолбасшының нағыз ерлік жолы елімізбен қатар, шетелдерде өте танымал. Халқымыз оны қаһарман тұлға ретінде құрмет тұтады. Бірақ әйгілі батырға ресми түрде «Халық қаһарманы» атағы берілмеген. Облыс жұртшылығы, зиялы қауым өкілдері, тіпті, жастарымыз да осы мәселені көтеріп жүргенін білеміз. Тарихи әділдікті қалпына келтіруіміз керек. Сондықтан мен Мемлекет басшысы ретінде Бауыржан Момышұлына «Халық қаһарманы» атағын беру туралы шешім қабылдадым. Тиісті Жарлыққа бүгін қол қойдым.

...Батырдың есімі нағыз отаншылдық пен өшпес ерліктің символы ретінде әрдайым көпке үлгі-өнеге болуға тиіс. Баукеңнің ерлігі жай аңыз емес, бұл – нақты құжаттармен дәлелденген, Ұлы Отан соғысына қатысқан батырлар мойындаған сөзсіз ерлік. Елге ерлігімен танылған, еңбегі сіңген аза-



маттарын бағалай білген жұрт ешқашан ұтылмайды», - деді Қ.Тоқаев.

Құрыштай сен қазақтың нар ұлысың...

Жауынгер жазушы, Кеңес Одағының батыры, халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы ағаның рухына тағзым

Аспан көкте найзағай жасын атқан,

Нәсеріндей сәуірдің тасып аққан.

Құрыштай сен қазақтың нар ұлысың,

Тайсалмаған майданда жойқын оқтан.

Жау таңданды алыстан айбатыңа,

«Жеңем» деген жау қалды жайратыла.

Риза болған Генерал Панфиловта,

Арыстандай қаһарлы қайратыңа.

Аңыз болдың әлемде ел танысқан,

Оқып білдім өзіңді «Арпалыстан».

Қоршауда қап қиналған сәттерде де,

Жол тауып шыға білдің қалтарыстан.

Өмірің өнеге елдің баршасына,

Атыңды қосты қазақ ба-тасына.

Бауыржан деп ат қойды ел баласына.

Ұқсасын деп ерлігі атасына.

Ерлігіңді қадірлеп сүйіпті ел,

Перзентіне әркім-ақ биік тілер.

Кім екенін қазақтың танытатын,

Туа берсін өзіңдей сүйікті ер!!

Болат ШАЙМАНҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Бауыржан Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медалінің иегері.



Жошы хан-Ұлы даланың тұңғыш ұлы билеушісі

Қазақ даласының тарихында аты аңызға айналған, тағдыры күрделі, бірақ ықпалы орасан зор тұлғалар бар. Солардың бірі әрі бірегейі—Жошы хан. Ол—Шыңғысханның тұңғыш ұлы, Ұлы Даланың батыс бөлігін алғаш реет бір орталыққа бағындырған билеуші, кейінгі Алтын Орданың негізін қалаған тарихи тұлға. Жошы хан—тек жаулап алушы әулеттің өкілі емес, ол дала өркениетінің заңдылығын түсінген, көшпелі халықтың болмысын терең сезінген мемлекет қайраткері болды. Оның өмірі мен қызметі—бүгінгі қазақ мемлекеттілігінің бастау көздерімен тікелей байланысты.

Жошы ханның шығу тегі және тарихи орны

Жошы шамамен XII ғасырдың соңында дүниеге келген. Ол — Шыңғыс хан мен Бөртенің тұңғышы. Тарихта Жошының тегіне қатысты түрлі әңгімелер айтылғанымен, Шыңғыс хан оны өз ұлы деп танып, үлкен сенім артқан. Жошы — әкесінің алғашқы әскери жорықтарына қатысып, ерте жастан-ақ қолбасшылық қабілетімен көзге түсті. Шыңғыс хан империяны ұлдарына бөліп бергенде, Жошыға Ертістен бастап Еділге дейінгі, қазіргі Қазақстан аумағының басым бөлігін қамтыған ұлан-ғайыр дала тиді. Бұл-кездейсоқ шешім емес еді. Себебі дәл осы өңір көшпелі өмір салтына бейім, саяси жағынан күрделі әрі стратегиялық маңызы зор аймақ болатын.

Дала халқының билеушісі

Жошы ханның басты ерекшелігі — оның жергілікті халыққа қатынасы. Ол жаулап алынған елді толық қырып-жоюға емес, бағындырып, басқаруға, салық жүйесін қалыптастырып, тәртіп орнатуға ұмтылды. Кей деректерде Жошының қыпшақ, қаңлы, найман секілді түркі тайпаларына жақын болғаны, олардың тілін, салтын құрметтегені айтылады. Жошы хан аңшылықты ерекше жақсы көрген. Алайда бұл жай ермек емес, дала дәстүрін, табиғат заңдылығын түсінудің бір жолы еді. Ол табиғатпен үйлесімді өмір сүруді, көшпелі тәртіпті бұзбауды көздеді.

Шыңғыс хан мен арадағы көз қарас айырмашылығы

Тарихи деректерде Жошы мен Шыңғыс ханның кей тұста көз қарасы сәйкес келе бермегені айтылады. Әсіресе, Хорезм жорығы кезінде Жошы қалаларды қырып-жоюға қарсы болып, халықты сақтап қалуды ұсынған деген мәліметтер бар. Бұл оның жұмсақ саясатты, тұрақты билікті қолдағанын көрсетеді. Бұл айырмашылық әке мен бала арасындағы салқындыққа әкелгенімен, Жошы хан өз ұлысына адал қызмет етті. Ол өзіне берілген аймақта тәртіп орнатып, болашақ мемлекетке негіз қалады.

Жошы ұлысы - Алтын Орданың бастауы

Жошы ханның өзі толыққанды дербес мемлекет құрып үлгермегенімен, оның ұлысы кейін Алтын Орда деген атпен әлемдік тарих сахнасына шықты. Бұл мемлекет Еуразия кеңістігіндегі ең қуатты құрылымдардың біріне айналды. Жошының ұлдары—Бату, Орда Ежен, Шайбан-әке жолын жалғастырып, ірі саяси бірлестіктер құрды. Қазақ хандығының түп-тамыры да дәл осы Жошы әулетінен бастау алады. Сондықтан Жошы хан — қазақ мемлекеттілігінің арғы атасы дегуге толық негіз бар.

Жошы ханның қазасы және кесенесі

Жошы хан шамамен 1227 жылы қайтыс болды. Оның өліміне қатысты да түрлі аңыз бар. Соның ең белгілісі — аң аулау кезінде қаза тапты деген дерек. Жошы хан Ұлытауда жерленген. Бүгінде Жошы хан кесенесі — қазақстандағы ең көне әрі қасиетті тарихи ескерткіштердің бірі. Бұл кесене — тек архитектуралық мұра ғана емес, ұлт тарихының үнсіз шежіресі. Ол қазақ даласындағы мемлекеттілік идеясының тым тереңде жатқанын дәлелдейді.

Жошы хан - тарих пен тағдыр тоғысындағы тұлға

Жошы ханның бейнесі—күрделі әрі қайшылықты. Ол—жаулаушы әулеттің өкілі бола тұра, дала халқының мүддесін түсінген билеуші. Ол—қатаң тәртіп пен жұмсақ саясаттың арасындағы тепе-теңдікті іздеген тарихи тұлға. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін Жошы ханның орны ерекше. Ол—біздің жерімізде алғашқы ірі мемлекеттік құрылымның негізін қалаған әулет басы, елдік тарихымыздың бастау бұлағы. Жошы хан-Ұлы Даланың ұлы мұрагері, қазақ мемлекеттілігінің тереңдегі тамыры.

Данияр БЕК.

«Саумалбай» кесенесі туралы не білеміз?

Қарағұрлық шежіреші, көненің көзін көрген, ардагер ұстаз Төребек Тұрғанбекұлына сұрағанымда ол кісі былай деді: -Бұл екі кесенеден тұрады Бұл кесенелердің нақты салынған жылы белгісіз, ертеректе салынған мазарат. Біріншісі кіші жүз Алшынның Мәлібек атасынан тараған Саумалбай деген кісінің, екіншісі алшынның Жолберді деген ұрпағының кесенесі. Олардың тұқымы Келес өңірінде тұрады. Ол заманда мұндай күрделі зәулім, күйдірілген кірпіштен тұрғызу үшін ең кемі 3-4 мың жылқысы, не болмаса келе-келе түісі көп бай болуы керек. Ал ондай дәулет, соңғы 2-3 ғасырда Қаратау еліне болмаған. Тек Абақ баласы Дайырбекте 3 мың жылқы болған, Биәлінің Құлданында төрт түлік, сауда т.б дүние болған. Бірақ олар ондай құрылыс салмаған. Саумалбай Алшын руының Мәлібек атасынан тараған кіші жүз Алшын руының беделді адамы болған.

Оның ұрпағы саналатын Бейсенбі деген 1918 жылы туылған кісі Келес өңірінен көшіп келіп, Қаратау ауылында тұрған. Олардың түп тұқияны негізі Ақтөбе облысы аумағынан болса керек. 1962 жылдары Келес ауданынан көшіп келген Бейсенбі сол кезде Бақырлы ауылының молдасы болған діндар кісі екен. Сол кісі кесененің маңайына егіс, тал егіміз совхоздан жер жыртатын трактор сұрап алыпты. Олар 1962-82 жылдары арасында Қаратау-



да 20 жылдай отырып, қайыра көшіп кетеді. Қазір ауылда сол алшын руынан қалған екі-үш үй алшындар қалған. 1945 жылы туылған Абай деген ұрпақтары болды. Олар менің әкем Тұрғанбекпен сыйлас болып араласып тұрды. Әрі бізге нағашылық жағы да бар болатын. Кейін ауылдың азаматы кесенемен фамилиялас Саумалбаев Мұқан деген азамат кесене маңайына қара талдың көшеттерін отырғызды.

Қарағұрдағы Қозыкеевтердің бабасы Саумалбайдың бұл Саумалбайға қатысы жоқ. Кейінгі Саумалбайдың келіні мен әйелі Қарашеңгелдегі Темірәлі мазараты жанында жерленген. Жұрт екі Саумалбайды шатастырмауы керек. Екінші көлемі кішілеу кесенені алшын Жолбердінің кесенесі дедік ғой. Ол академик Ісмет Кеңесбаевтардың

бабасы.

Оның басына үй, салып, тал тіккен Мұқан Қозыкев (Әлдекей) ағамыз-дейді Төребек ақсақал.

Қалай десекте, Созақ аумағындағы тазалық жұмыстарына ат салысу баршамыздың азаматтық борышымыз.

Ел Президенті Қасым Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында өткен жылы аудан көлеміндегі мәдени-көпшілік, әлеуметтік, қайырымдылық шаралары мен игі бастамаларға, белсенді араласып жүретін «Буденовское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде бұл игі бастаманы қуана қолдады. «Буденовское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Жансүгіров Дәурен Орашұлының ұйымдастыруымен Созақ өңіріндегі киелі орындардың бірі «Саумалбай» кесенесі аумағында тазалық жұмыстары жүргізілді. Тазалық акциясы аясында кеніш қызметкері жұмысшылары кесене маңайындағы қоқыстарды теріп, ретке келтіріп, айналасын тырмалап жыл сайын көктемде белсенді жұмыс жасайды.

-Біз бұл «Тазалық» акциясын қызу қолдай отырып серіктестік бас директоры Дәурен Орашұлының бастамасымен кесене аумағын ретке келтірдік. Алдағы уақытта да басты бақылауымызда болады,-дейді бастамашыл жігіттер.

Мақсат Жеңісұлы.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы туралы

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚГҚ)—кене арқылы тарайтын аса қауіпті вирустық жлқпалы ауру. Ол адамға көбінесе кене шаққанда немесе ауру малдың қаны мен бөлінділерімен жанасқанда жғады.

Негізгі белгілері:

- дене қызуының күрт көтерілуі,
- блшықеттер мен буындардың ауыруы,
- бас ауруы, әлсіздік,
- мұрыннан, қызыл иектен, ішкі мүшелерден қан кету,
- есінен тану, жүрек айну.

Жүгу жолдары:

- кене шагу арқылы,
- ауру малдың қанымен, етімен немесе бөліндісімен жанасқанда,
- науқас адамның қанымен жанасқанда.

Алдын алу шаралары:

- табиғатта серуен кезінде ашық түсті, жабық киім кию,
- кенелерге қарсы арнайы репелленттер пайдалану,
- малмен жұмыс істегенде қорғаныс қолғап, киім кию,
- денеден кене табылса, оны дереу медициналық мекемеде алдыру,
- ауру малдың етін тек термиялық өңдеуден кейін пайдалану.

Қорытынды:

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы—өлім қаупі жоғары ауру ауру. Кенеден сақтану және жеке қорғаныс ережелерін сақтау—арудың алдын алудың ең тиімді жолы.

Х.Оспанов,
Аудандық СЗБ басшысы.

Сексеуілге селқос қарамайық

Күн сайын жлрттың бәріне қолжетімді әлеуметтік желілерде болсын, ресми ақпарат көздерінде болсын өртке, ұрлыққа, табиғатқа қасақана залал келтіруге қатысты жағымсыз жаңалықтар жан түршіктіреді. Сол жағдайлардың ішінде орманды алқаптан заңсыз сексеуіл сындыру, зазалдың алдын алу әрбір аудан тлрғындарына маңызды. Тиымды маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас, құмды өңірге жақын орналасқан ауыл тлрғындары арасында жиі-жиі ескертпелер таратылып, ауыл азаматтарымен жиындар өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп тұрады. Әрбір бас қосу, жиындарға қатысқан орман шаруашылығы мекемесінің мамандары жиында айтылған мәселелер жөнінде өз ой пікірлері мен тың ұсыныс, ойларын ортаға салады. Ол жиында ауыл тлрғындарына сексеуіл өсімдігін сақтау туралы оның табиғатымызға, оттегі қорына, қоршаған ортаға қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тлқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тый-

ым салынатындығы жайлы ескертулер түсіндіріледі. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер туралы да жиналыс барысында кеңінен айтылыпты. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өтудеміз. Осыған орай табиғат өрттерінің алдын алу және ескерту бойынша жұмыс жоспарлы әрі тұрақты жүргізілуде. Қоршаған ортаны өрттен қорғау, сексеуіл өсімдігін қорғау-әрбір азаматтың қасиетті борышы. Табиғат аясына демалуға шыққанда өртке абай болғаны абзал. Өрт қоршаған ортаға қыруар зиян келтіреді. Орман алқаптарын, жайылымдарды жарамсыз етеді. Сондықтан барынша өрттің алдын алуға дайын болуымыз керек. «Сақтансаң сақтаймын» дегенді дана халқымыз бекер айтпаған ғой. Демек, сақтық шараларына мәне беріп, таулы алқаптарды, орманды, жайылымдық жерлерді өрттен сақтай білуіміз қажет.

Талғат Садуов,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің орман шебері.

Сексеуіл кесуге заңмен тыйым салынады

2024 жылғы 30 қазанда ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің №260 бұйрығы шықты. Бұйрықтың бірінші тармағында былай делінген:

“Уран кен орындарын қазып шығаратын және мемлекеттік орман қорының магистральдық құбырлары өтетін жерлерде жаппай кесуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл ормандарында ағаш кесудің барлық түріне 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін тыйым салынсын”-деп атап көрсетілген.

Осы бұйрықты орындау барысында ауданымыздағы табиғатты қорғау және күзету бағытында жұмыс жасайтын мекеме—«Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» қызметкерлері аудан тлрғындарына сексеуілді кесу, сындыруға қатай тыйым салынғанын ескерттеді. Жергілікті табиғатымыздың флорасы мен фаунасын қорғау мен күзетуді жоғары қоятын бл мекеме қызметкерлері бүгінгі күні тынбай еңбек етуде. Жылда сексеуілді қорғау жұмыстарын үрдіске айналдырып алған мекеме жігіттері бл науқан кезде әрдайым ұйымшылдық көрсетеді. Ешкім тиіспесе орманға айналатын шөлге шыдамды бл ағаш түрі тек табиғаттың қолдауымен өсіп-өнеді және бл өсімдіктің биіктігі 7 метрге дейін жетеді екен. Алайда бүгінгі күні бл өсімдіктің қас жауы адамзат болып отыр. Сондықтан мемлекетіміз оны кесуге қатаң тыйым салса да, кейде базарлардан және кәуап пісіретін орындардан жиі көріп қаламыз. Сексеуілді жастайынан кесіп, машинасына толтырып тиеп алған бауқеспелердің талайы ұсталып, талайына айыппұл салынып, тиісті шаралар көріліп жатыр.

Жасұлан ТАНАТОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық-заманмен бірге өсіп-өркендеп, бүгінге дейін жойылмай отырған дерттің бірі. Президент өзінің жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер

сөнділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да-қылмыс екендігін қоғамдық санаға қалыптастыру қажет. Парақорлық мемлекеттің қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының бе-

міндетті» деп көрсетілген. Сондай-ақ Қаратау ауыл әкімдігі ғимаратының кіре берісінде арнайы «Сенім жәшігі» орнатылып, 38-4-10сенім телефоны қойылған. Одан бөлек ауыл әкімі аппаратында болатын сы-

Жемқорлықпен күрес-баршамызға ортақ іс

ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне қатысты екендігін, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып бел-

деліне нұқсан келтіреді, халықтың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында: «Сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге

байлас жемқорлықты болдырмау, алдын алу мақсатында өтетін семинар кеңестерді және жиналыстарды қорытындылағанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау шаралары туралы сабақтар өтіп тұрады. Бәріміз бір кісідей өз ісімізге және айнала-дағыларымызға адал болып, қанағат пен парасат биігінен көріне білейік.

Сәулет Естауов,
Қаратау ауылының әкімі.

Күн сайын әртүрлі химиялық құрамдарды пайдалану арқылы есірткінің жаңа жасанды түрлері психотроптық дәрі атауымен есірткі нарығында таралуда. Олардың кейбіреулерінің зияны бұрыннан танымал табиғи есірткілермен салыстырғанда күштілеу әрі көптеген мәселелер тудырады. Жасанды есірткіге тәуелді адамдарды емдеу де қиындау. Есірткі мафиялары «олар есірткі емес, қиындық тудырмайды» деген үгіттерімен адамдарды пайдалануға тартады.

Есірткіге еліту-теріс әрекеттер бастауы

Жыл сайын 26-шы маусымда дүниежүзінің әртүрлі елдері Есірткі және қылмыс жөніндегі БҰҰ Басқармасының ұранымен есірткімен күресу күнін атап өтеді. Осы күні есірткі саласындағы дағдарыстар туралы айтумен қатар әртүрлі елдердің осы саладағы мәселелерді шешу жолдарына да көңіл бөлінеді. Бұл күн есірткіні өндіру, тарату және пайдаланудың нәтижелері туралы еске салып, үкіметтерден осы үлкен қоғамдық мәселені шешуге шаралар қолдануды талап етеді.

Осы салада ағарту жолдары арқылы нашақорлықтың алдын алу, нашақорларды қоғамға қайтару жолындағы ақпарат құралдардың рөлі, есірткі өндіретін заңсыз егістіктерді жою, есірткі контрабандасымен айналысатын арналарды залалсыздандыру, елдердің нашақорлық пен есірткі контрабандасымен күресу саласындағы әріптестіктері сынды жобалар әртүрлі елдерде талқыланып, іске асырылады. Бірақ, өкінішке орай, әртүрлі қоғамдағы адамдардың есірткіге құмар болуы мен олардан тундайтын зардаптар мәдени құндылықтар мен ахлақтың құлдырап, қоғамдық қылмыстардың

өрістеуіне себеп болуда.

Жасанды есірткіге тәуелді адамдарды емдеу де қиындау. Есірткі мафиялары «олар есірткі емес, қиындық тудырмайды» деген үгіттерімен адамдарды пайдалануға тартады.

Статистикаға сәйкес есірткі әлем бойынша жыл сайын 250 мың адамның өліміне себеп болып отыр. Осы мәселенің экономикалық нәтижелерге теріс әсер етуімен қатар қоғамның психикалық саулығын шынайы қатерге тіреуде. Есірткіге тәуелді адамдардың саны-

ның көбеюі есірткі саудасымен айналысатындар үшін пайдалы. Заңсыз есірткі нарығының пайдасы тоқтамай, есірткі түрлерінің кеңейіп, нашақорлар санының көбеюімен бетпе-бет келеміз.

Есірткімен күресу әлемдік күнінің келесі жобасы—есірткімен күресу мәселесіне қатысты көрме ұйымдастыру болып табылады.

Осындай күрес әлемдегі есірткінің толық жойылуын жақындатуы мүмкін деген оймен іске асырылуда. Әрине, есірткі және нашақорлықпен күресу үшін әлемдік қауымдастықтың бір ауыздан шаралар қолдануын қажет етеді. Егер барлық елдер бірігіп, күреске көтерілсе жеңіске жетуге болады.

Жуантөбе ауылдық әкімдігінде нашақорлықпен күрес бағытында іс-шаралар жоспары бекітіліп,сол шара бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру, бұқаралық спортты дамыту мақсатында көптеген игі бастамаларға ұйытқы болуда.

А.Мырзабекова,
Жуантөбе ауыл әкімінің орынбасары- іс басқарушысы.

БЖЗҚ шетелдік әріптестерімен тәжірибе алмасуын жалғастыруда

2025 жылғы 9—10 желтоқсан күндері Қазақстан Республикасының Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) мамандары Өзбекстан Республикасы Экономика және қаржы министрлігі жанындағы Бюджеттен тыс зейнетақы қорының қызметкерлері үшін онлайн-семинар өткізді. Іс-шараның негізгі мақсаты Қазақстанның зейнетақы жүйесімен және оның даму бағыттарымен таныстыру болды.

Онлайн-семинар барысында БЖЗҚ өкілдері Қордың қызметі туралы жан-жақты ақпарат ұсынып, жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізудің алғышарттары мен оның қазіргі жағдайына, Қордың актуарлық қызметіне, зейнетақы қызметтерін көрсету форматтарына және зейнетақыны жоспарлау мәдениетін дамыту мәселелеріне арналған презентация-

лар жасады. Сонымен қатар жеке зейнетақы шоттарын әкімшілендіру, БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің түрлері, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбек мигранттарын зейнетақымен қамтамасыз ету туралы Келісім аясындағы төлемдер, зейнетақы жинақтарын инвестициялау, негізгі автоматтандырылған ақпараттық жүйелер, деректерді басқару тәсілдері мен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстанның зейнетақы жүйесіндегі цифрлық қызметтерді енгізу мәселелері қарастырылды.

Өзбекстандық мамандар өз еліндегі зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі, соның ішінде процестерді цифрландыру жұмыстары мен аумақтық бөлімшелерді кезең-кезеңімен қысқарту жоспарлары туралы ба-

яндап өтті. Сондай-ақ олар қазақстандық әріптестерімен алған білімнің практикалық маңызыдылығын атап өтіп, бұл тәжірибе алдағы уақытта қызметкерлердің кәсіби даярлық деңгейін арттыруға ықпал ететінін және ұлттық зейнетақы моделін одан әрі жетілдіру барысында қолданылуы мүмкін екенін жеткізді.

Тәжірибе алмасу әлеуметтік қорғау жүйесін анағұрлым тиімді әрі орнықты ету жолындағы маңызды қадам екені атап өтілді. Зейнетақы жүйесін реформалау саласындағы бірлескен жұмыстар екі елге де азаматтарының өмір сүру сапасын жақсартуға ғана емес, мемлекеттік институттарға деген сенімді арттыруға мүмкіндік береді.

«Созақ үні»-ақпарат.

XX ғасыр трагедиясы:

Байлар институтының күйреуі және ұлт жоғалтқан құндылықтар

(Жалғасы.
Басы өткен сандарда).

Құсбеков Темірбек - байлар тобын ұйымдастырған, малын жасырып қалған ірі бай

Құсбеков Темірбек – 40 жаста, отбасылы, Мерке болысы мен ауданындағы №1 ауылдың тұрғыны. Мал шаруашылығымен айналысқан, бірнеше батрақты жалдап ұстаған, кедейлердің еңбегін кеңінен пайдаланған.

Оның шаруашылығында: 3000 қой, көп мөлшерде ірі қара болған.

Салыққа тіркегенде 2200 қой мен 110 ірі қара ғана көрсетіп, малдың елеулі бөлігін жасырған.

Беловод көтерілісі кезінде Темірбек ірі Мерке байы Адильбеков Қарабаймен тығыз байланыста болып, көтерілісті қолдауға үгіт жүргізген. «Большевиктерден пайда жоқ» деген мазмұнда халық арасында үгіт таратқан.

Сонымен қатар ол Мерке ауданындағы байлардың жасырын тобында белсенділігі танытқан. Бұл топтың мақсаты-мал-мүлікті тәркілеуден құтқару. Ол үшін: ауылдық билікті өз ықпалына алып, мал қырылды деген жалған актілер жасатып, жергілікті кеңес және партия қызметкерлерімен жасырын жиындар өткізген.

Бұл әрекеттер топқа малды сақтап қалуға мүмкіндік беру үшін жасалған.

Майджанов Артықбай-Чаянов өңіріндегі ықпалды, ірі бай-саудагер

Майджанов Артықбай–60 жастағы ауқатты бай, Сырдария округінің Чаянов ауданы №23 ауылында тұрған. Екі әйелі бар, дәстүрлі мал шаруашылығын жүргізген. Оның иелігіндегі мал көлемі айтарлықтай: 150 бас ірі қара, 2500 бас ұсақ мал.

Патша дәуірінде Артықбай өңірдегі ең ірі байлардың бірі саналған. Халық арасында ықпалы зор болған. Мал мен астықты сатып алып, оны рұқсатсыз әрі бақылаусыз қайта сату, өсімқорлық (ростовщичество) кәсіптерін жүргізген.

Салықтық есепке алушыларға қарсы шығып, малын жасыруға тырысқандықтан бірнеше рет қамауға алынған. Сонымен бірге төменгі буындағы кеңестік қызметкерлерді паралап, өзіне қарасты байлар тобының мүддесін қорғауға ықпал еткен.

Архив құжаттары оның ишан Саидхметовтің мүриді болғанын көрсетеді, бұл оның діни-рухани желілер арқылы да ықпал жүргізгенін байқатады.

Медеров Бектен-1000 қой мен 145 ірі малы бар, 25 жыл волостной управитель болған бай

Медеров Бектен–75 жаста, Сырдария округінің Мерке ауданы, Аспарин болысының №5 ауылында тұрған. Екі әйелі болған, отбасы 9 адамнан тұрған. Мал шаруашылығымен айналысқан, оның иелігінде: 1000 бас қой, 145 бас ірі қара болған.

Шаруашылығында 3-тен астам батрақ жұмыс істеген, бірақ ресми



тіркелгені біреуі ғана.

Патша үкіметі тұсында 25 жыл бойы волостной управитель болып қызмет атқарған. Осы жылдары ол бірнеше алтын және күміс медальдармен, құрметті шапандармен марапатталған. Жергілікті қоғамда үлкен беделге ие болып, ауыл ішіндегі әлеуметтік қатынастарды түгел бақылауда ұстаған.

Өсімқорлықпен айналысып, кедей шаруаларды қанағаны туралы деректер сақталған. 1928 жылғы тәркілеу науқанында Бектен әулеті түгелімен Урал округінің Сламихин ауданына жер аударылған.

Медеров Нысамбай - ірі мал иесі, 25 жыл би және волостной управитель болған бай

Медеров Нысамбай–50 жаста, Аспарин болысының №6 ауылында тұрған. Екі әйелі бар, отбасы 7 адамнан тұрған. Мал шаруашылығын жүргізіп, шаруашылығында 3 тұрақты жалдамалы жұмысшы ұстаған.

Патша дәуірінде 25 жыл бойы волостной управитель және би қызметін атқарған. Осы ұзақ қызметі үшін әртүрлі марапаттарға ие болған. Оның иелігіндегі мал көлемі өте үлкен: 3000 қой, 200-ге жуық ірі қара.

Малдың бір бөлігін салықтан жасырып қалу үшін туыстарына бөліп таратып отырғаны анықталған. Кедейлерге үстемдігін жүргізіп, оларды өсімқорлық жолымен қанаған. Ақша және астықты өте ауыр шарттармен қарызға беріп, кейін халықты қарызға кіргізіп отырған.

1928 жылы отбасы мүшелерімен бірге Урал округінің Сламихин ауданына жер аударылған.

Медеров Сұлтанқұл-4000 қой, 360 ірі қара ұстаған, ықпалды бай-өсімқор

Медеров Сұлтанқұл–47 жастағы ауқатты бай, Сырдария округінің Мерке ауданы, Аспарин болысы №6 ауылының тұрғыны. Екі әйелі болған. Негізгі шаруашылығы–мал өсіру. Оның иелігінде: 4000 қой, 360 ірі қара болған.

Шаруашылығында бірнеше батрақ ұстап, кедейлерді қанау арқылы мал шаруашылығын кеңейткен. Өсімқорлықпен айналысып, мұқтаждарға ас-

тықты ауыр шарттармен қарызға берген. Малдың бір бөлігін салықтан жасырып қалу үшін оны кедейлерге уақытша таратқан. Салық тізіміне тек 1700 қой және 206 ірі қара ғана енгізген.

Сұлтанқұл бұрынғы бектер (би) әулетінен шыққан, бұл оған халық арасында айрықша бедел берген. Алайда осы беделді ол кедейлерді «қатал қанау» мақсатында пайдаланған.

Медеров Чалпанқұл-1500 қой, 205 ірі малы бар, 25 жыл билік жүргізген әулеттен шыққан бай

Медеров Чалпанқұл–40 жаста, Аспарин болысы №6 ауылында тұрған, екі әйелі бар. Отбасы 6 адамнан тұрған. Мал шаруашылығымен айналысып, бірнеше батрақ жалдаған.

Мал көлемі: 1500 ұсақ мал, 205 ірі қара.

Салықтан жалтару үшін малды кедейлерге уақытша таратып отырған. Өсімқорлықпен айналысып, кедейлерге астықты өте жоғары өсіммен қарызға берген.

Чалпанқұл – өңірдегі ең ықпалды билеушілер әулетінен шыққан: оның әкесі 25 жыл бойы тоқтаусыз волостной управитель қызметін атқарған. Байдың батрақтарына жалақы төлемей, қанағаны туралы мәліметтер тіркелген.

1928 жылы тәркілеу науқаны кезінде ол отбасымен бірге Урал округінің Сламихин ауданына жер аударылған.

Минбаев Құлтас-200 ірі қара, 1500 қой ұстаған, ишанның мүриді болған бай

Минбаев Құлтас–40 жастағы бай, Сырдария округінің Чаянов ауданындағы №16 ауылдан. Жартылай көшпелі шаруашылық жүргізген.

Мал көлемі: 200 ірі қара, 1500 ұсақ мал.

Өсімқорлықпен және рұқсатсыз саудамен (астық пен малды патентсіз сатып алу-сату) айналысқан. Салықтан жалтару үшін малдың бір бөлігін жасырып отырған. Бай топтарының жұмысына белсенді қатысқан.

Архив материалдарында оның Аппақ ишан Саидхметовтің мүриді болғаны көрсетіледі. Бұл оған діни-

рухани желілер арқылы ықпал ету мүмкіншілігін берген. Халық арасында ғана емес, жергілікті партия және кеңес қызметкерлері арасында да беделі болған.

Мойнақов Бошай (Ботай)-Аулие-Ата өңірінің байы, Осипов отрядтарына көмектескен

Мойнақов Бошай (Ботай) – Сырдария округінің Аулие-Ата ауданынан шыққан бай. Тегі-Наурыз, Жақсыбай тармағынан.

Патша дәуірінде волостной управитель және би болған, жергілікті билікте беделді тұлға саналған. Азамат соғысы жылдары Осиповтың жасақтарына материалдық көмек көрсеткен.

Мал шаруашылығымен айналысқан. 1928 жылғы тәркілеуге дейін 24 ірі қарасы болған, ал негізгі мал-мүлкін ертерек жасырып үлгерген болуы мүмкін.

Тәркілеу кезінде Бошай өзі, 13 адамнан тұратын отбасы, сондай-ақ оның екі үлкен ұлы — Ибраһим мен Абдуәли және олардың отбасылары бірге-жалпы бірнеше шаңырақ болып Урал округінің Заречный ауданы, №12 ауылына жер аударылды.

Мұсқабаев Камбар-2500 қойы бар, саяси ықпалды, бай топтардың басшысы

Мұсқабаев Камбар – 60 жастағы ауқатты мал иесі, Сырдария округінің Чаянов ауданы №9 ауылында тұрған. Екі әйелі болған, жартылай отырықшы мал шаруашылығын жүргізген.

Шаруашылығындағы мал көлемі: 100 бас ірі қара, 2500 бас ұсақ мал.

Камбар өз өңірінде тек бай емес, саяси ықпалы зор тұлға ретінде танылды. Ол төменгі буындағы кеңестік аппаратты (соваппарат) өз уысына алуға ұмтылған байлар тобының жетекшісі болған. Халық арасында да, кеңес-партия органдарының жергілікті қызметкерлері арасында да беделі жоғары еді.

Архив деректерінде оның ишан Саидхметовтің мүриді болғаны көрсетіледі. Сонымен қатар ол өсімқорлықпен айналысып, халыққа ақшаны жоғары өсіммен қарызға берген. Салықтық есепке алынатын малды жасырып қалуға тырысқан.

Нарибаев Ұрықбай-мыңдаған қой-ешкі мен түйесі бар малды бай

Нарибаев Ұрықбай–Сырдария округінің Келес ауданындағы №15 ауылдан шыққан бай. Мал шаруашылығымен айналысып, өте ірі көлемде мал ұстаған.

Малының саны: 2660 қой-ешкі, 25 түйе, 11 жылқы, 2 есек.

Сонымен бірге 600 қойды жалға (арендаға) берген, бұл оның шаруашылығының ірі коммерциялық ауқымын көрсетеді. Жыл сайын 6 тұрақты батрақ ұстаған.

Ұрықбай кеңестік кезеңге дейінгі дәстүрлі мал шаруашылығын жалғастырған, ауқатты байлардың типтік өкілі болып саналады.

Самат Жұматайұлы, Жас ғалым, Қазақстан және Орталық Азия тарихын зерттеу институтының бас директоры. (Жалғасы бар).

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Сөзақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор: Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы: Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:

Аға тілші- Данияр БЕКОВ

Тілші- Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ

Дизайншы- Асхан БАҚТЫБАЕВ

Терімші- Бағила АЯЗБАЕВА

Фототілші- Құрманш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады. Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3500 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев